

Анықтама
Педагогтарға арналған «Өмірде жоқ жануар» тест.

Қатысқандар саны: 14

Психолог: Сагиджанова Г.С.

2023-2024ж.

Зерттеу мақсаты: Психомоторлық күйін анықтау.

Сипаттамасы: Өмірде жоқ жануардың сурет салыңыз және оған өмірде кездеспейтін ат қойыңыз. Оның қай жерде мекендейтінін, немен қоректенетінін, нені қалайтынын жазыңыз.

Сурет парақтың төменгі бөлігінде орналасса ол адамның өзіне деген бағасы төмен, өзіне сенімсіз- 14%

Жануардың басында қосымша бөліктер мүйіз, қауырсын, қолдарында тырнақтар, тікендер болса ол адамның кенеттен пайда болатын немесе қорғаныштыққа бағытталған агрессиясы барын білдіреді – 46 %

Жануардың құйрығы жоғары қарата салынса ол адам өз іс-әрекетіне жақсы баға береді – 53 %

Қатты басып салған болса-уайымның барын білдіреді – 12 %

Қоршау салған болса-қорғанышты білдіреді – 14%

Анықтама
Педагогтарға арналған «Үй-ағаш-адам» тест қорытындысы

Қатысқандар саны: 14.

Психолог: Сагиджанова Г.С.

Зерттеу мақсаты: Жеке адамның әлеуметтің дамуындағы жағдайын анықтау. Педагогтың эмоционалды жағдайын, оның қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын анықтау.

Сипаттамасы: парқ бетіне үй, ағаш, адам суретін толық көлемде, іс-әрекет барысында болатындай етіп салыңыз.

Ағаш -өмір қуатын білдіреді, өмірге деген құлшынысы ағаштың діңінің және бұтақтарының жуандығына байланысты. Егер парак бетінде ағаш көлемді жерді алып

тұрса ол адамның өмірге деген құлшынысы жоғары, өмірге сеніммен қарағандығы – 47 %.

Бұтақтар төмен қарата салынған болса ол адам өз өміріндегі өткен, шешімін таппаған жағдайларға күйзелісін білдіреді-11 %.

Бұтақтар жоғары қарата салынса ол адам алға ұмтылғыш, өз өміріне риза, көшбасшылыққа ұмтылысы барын білдіреді-7 %.

Бұтақтар жан-жаққа шашырата салынған болса ол адам өзінің орнын іздеп жүргендігін білдіреді -8 %.

Үйдің есігі салынған болса ол адам ашық, қарым-қатынасқа тез түскіш, басқаларға тәуелділігін білдіреді- 68%.

Кішкентай болса ол адам өз «Менін» жасыратын, ешкімді жолатқысы келмейтіндігін білдіреді – 10%.

Есік мүлде салынбаған болса ол адам психологиялық жатсыну, тұйықтануды білдіреді- 12 %.

Үй алыстау жерде салынған болса ол адам шеттелген – 14%.

Мұржадан шыққан түтін отбасындағы эмоционалды жалудың жетіспеуі- 35 %.

Терезе салынған болса ол адам жақсы адамдармен қарым-қатынасқа түсуге ниетті екендігін білдіреді-57%.

Терезенің көлемі кішкентай болса айналасындағыларға сенімсіздікпен қарайтындығын білдіреді

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ПСИХОЛОГТАРЫНА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГТЕР

«Мен өмірді сүйемін» тренингі

Мақсаты: Тренинг қатысушыларына “Өмірді сүй” және оның мәні туралы түсінік беру. “Мен өмірді сүйемін” сенімін орнату. Адамның өмірі өз қолында екенін түсіндіріп, өмірді сүйуге дағдыландыру.

Тренинг барысы:

1. Тренингке қатысушылармен сәлемдесу.
2. «Мен өмірді сүйемін» танысу жаттығуын орындау. Шаттық шеңберін құра отырып, әрбір қатысушы «Мен өмірді сүйемін» деп өзінің аты - жөнін мен мектебін кезектесіп айтып шығады.
3. Сергіту сәтін орындау. Бейнетаспа арқылы педагогтарды көңілді әуенге билету.
4. Тренинг қатысушыларына өмірі жайлы қысқаша баяндап беру.

"Қауымдастық" ойыны.

Тренингке қатысушы педагогтармен шаттық шеңберін құру. Оң қолдың алақанын жұмып, бас бармағын шығарып төмен қаратып, келесі мұғалімнің жазылған солалақанына қою керек. Ал сол қолдың алақанын келесі мұғалімнің жұмылған алақанының бас бармағының астына қою керек. «1, 2, 3» рет санап, 3 деп айтқанда сол алақанды жұмып қалу керек. Осылай екі рет, екі қолды кезек ауыстыруға байланысты орындалады. Содан кейін барлық мұғалім оң қолдарын қойып, одан кейін сол қолдарын қойып, барлығы бірге жүргізуші тілегін айта отыра аспанға қолдарын көтереді.

«Біз – біргеміз!» тренингі

Мақсаты: Бұл тренинг педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға, қарым-қатынас дағдысын дамытуға, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты арттыруға, көңіл-күйлерін көтеруге бағытталған. Тренинг жаттығулары педагогтардың бірін-бірі түсінуін, өзін жетілдіру, өзін-өзі тануын дамытады.

Мақсаты: Тұлға аралық қарым-қатынасты жақсарту, ұжымда демократиялық деңгейді көтеру.

Міндеттері:

- Топта жағымды психологиялық климат қалыптастыру;
- Топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту;
- Педагогтардың коммуникативтік біліктілігін арттыру.

«Қошемет» жаттығуы

Мақсаты: топта жағымды эмоционалдық күй тудыру.

Тапсырма: әңгімелесушінің жеке қасиеттеріне сай қошемет айту.

Жүргізуші: — Біз бүгін бір-бірімізге қошемет сөздер айтамыз. Қошемет диалог түрінде айтылады. Қошеметті алып қана қоймай қайтара білу керек. Қошемет арнайы формада қабылданады: «Иә, солай. Тағы мен ...

(адамгершілік қасиет қосылады)»

Жаттығуды талқылау сұрақтары:

1. Жаттығуды орындау барысында сіз қандай қиындықтармен кездестіңіз?
2. Жаттығуды орындауда жағымды сәттер болды ма? Қандай?

«Сенімді құлау» жаттығуы

Мақсаты: топ мүшелерін жақындастыру, өзара сенімді қарым-қатынас орнату.

Тапсырма: қатысушылар шеңберге тұрады. Ортаға бір қатысушы шығып көзін жұмады даарқасымен құлайды. Топтың әрбір мүшесі кезекпен орындайды.

Жаттығуды талқылау сұрақтары:

Нені жасау оңай болды, құлаған адамды тосу ма, әлде өзіңіз құлау ма? Қандай сезімде болдыңыз?

Шынайы өмірде осындай жағдайларды қай кезде басыңыздан өткердіңіз?

Қатысушылар тапсырманы орындауда ненің көмектескенін немесе не кедергі болғаны туралы ой бөліседі.